

**Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да Банк сайты арқылы
ағымдағы шотты қашықтықтан ашу бойынша
қызмет көрсету талаптары**
(заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар,
адвокаттар, жеке сот орындаушылары және кәсіби медиаторлар үшін)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ-да Банктің сайты арқылы ағымдағы шотты қашықтықтан ашу бойынша қызмет көрсету талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Банктің сайты арқылы қашықтықтан ағымдағы шотты ашу бойынша қызметтер көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ-да банктік және өзге операцияларды жалпы жүргізу шарттары туралы қағидаларға сәйкес әзірленді және олардың әрекеті «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ (бұдан әрі - Банк) пен Банктің сайты арқылы ағымдағы шотты қашықтықтан ашу бойынша қызметті пайдалануға және www.vtb-bank.kz Банк сайтында орналастырылған Ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартына қосылуға ниет білдірген тұлғалардың (бұдан әрі - «Клиент») құқықтық арақатынастарына таралады.
2. Талаптарды Банк белгілейді және Банктің WEB-сайтында Интернет желісінде www.vtb-bank.kz мекенжай бойынша жарияланады, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында (Операциялық залдарында) орналастырылады.
3. Талаптар Банктің WEB-сайты арқылы Банкте ағымдағы шот ашқысы келетін заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, жеке сот орындаушылары мен кәсіби медиаторларға арналған.

2-тарау. Ағымдағы шотты ашу

4. Банк Клиентке ағымдағы шотты Клиенттің www.vtb-bank.kz Банк сайтында электрондық нысанда қалыптастырылған ағымдағы шотты ашуға берген өтінімі (бұдан әрі – Өтініш) негізінде, Клиент Банк белгілеген, нысаны мен мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды қанағаттандыратын барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін ашады. Клиент осы Талаптарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кез келген мөлшерде Ағымдағы шоттарды ашуға құқылы. Ағымдағы шотты қашықтықтан ашу үшін құжаттар тізімі Банктің www.vtb-bank.kz сайтында орналасқан.
5. Егер Клиент заңды тұлға болып табылса, электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған кезде қашықтықтан Өтініш беруді Клиенттің өзі не Клиенттің басшысы жүзеге асырады.
6. ЭЦҚ қолдану арқылы Өтінішке қол қойған сәтке дейін Клиент осы Талаптармен және Банктің www.vtb-bank.kz сайтында орналасқан Ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) талаптарымен танысады. Банк Клиентінің

Шартқа қосылуы Клиенттің ЭЦҚ қолданып Өтінішке қол қою арқылы білдірілген келісімі негізінде жүзеге асырылады.

7. Банк Ағымдағы шоттарды Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгемен ашады. Ағымдағы шотты жүргізу валютасы Клиенттің Ағымдағы шотты ашуға берген Өтінішінде көрсетіледі.
8. Клиенттің атына Ағымдағы шотты үшінші тұлғалар ашпайды.
9. Банк Банкте ашылған шоттары жоқ және Банкпен ерекше қатынасы жоқ клиенттерге ғана Ағымдағы шотты қашықтықтан ашады. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын Клиенттермен Шарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес қосылу талаптарында тиісті Шартқа қосылу жолымен Банк нысаны бойынша ресімделген қағаз жеткізгіште өтініш беру арқылы жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
10. Клиент Ағымдағы шотты ашу үшін банкке FATCA-ның «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ Заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында (бұдан әрі – Банктің ІНҚ) көзделген құжаттар мен ақпаратты беруге, сондай-ақ Банктің талап етуі бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттігін/азаматтығын) растайтын құжаттар мен ақпаратты беруге міндетті.
11. Клиент-заңды тұлға Банкке Банктің ІНҚ-да көзделген көлемде және тәртіппен бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді ұсынады.
12. Ағымдағы шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы есептелмейді және төленбейді.
13. Клиенттің өтініш беруі Банк үшін Ағымдағы шотты ашу бойынша міндеттеменің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Өтініш бойынша шешімді Банк өзінің ІНҚ-на және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдайды.
14. Банк осы Талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ағымдағы шотты ашудан бас тартуға құқылы.
15. Ағымдағы шотты ашу туралы Клиенттің Өтінішін қарау қорытындылары бойынша Банк шешімінің нәтижелері туралы Банк Клиентті ол Банкке өтініш берген күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Клиенттің Өтініште көрсетілген электрондық поштасына электрондық хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді. Клиентке Ағымдағы шотты ашу Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда және Клиентті тиісінше тексерудің оң нәтижелеріне сәйкес Клиенттің өтінішін қарау қорытындысы бойынша Банк оң шешім қабылдаған күні жүзеге асырылады.
16. Клиент электрондық түрде қалыптастырған барлық Өтініштер Банктің сайтында мәртебе беріле отырып, Клиенттің Жеке кабинетінде сақталады. Клиенттің Жеке кабинетіне кіру кез келген уақытта Банктің <https://ib.vtb-bank.kz/portal> сайтында ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
17. Банк Ағымдағы шотты ашу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда Клиентке жеке сәйкестендіру коды (шот нөмірі) беріле отырып, Ағымдағы шотты ашу автоматты түрде жүзеге асырылады. Клиент шот нөмірінің деректемелерімен Клиенттің жеке кабинетінде таныса алады.
18. Ағымдағы шотты қашықтықтан ашқаны үшін, сондай-ақ Шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер үшін Банк комиссиясы Банк Тарифтеріне сәйкес алынады. Клиент Банктің тарифтерімен Банктің www.vtb-bank.kz сайтында танысады. Клиенттің Банк тарифтерімен келісуі ЭЦҚ қолдана отырып, Өтінішке қол қою арқылы көрсетіледі.

19. Ағымдағы шот Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және осы Талаптарға сәйкес Клиенттің пайдалануына арналған.
20. Клиент қашықтықтан ашылған Ағымдағы шот бойынша жүзеге асыратын операциялардың тізбесі Банк Тарифтерінде көзделген. Бұл ретте, осындай Ағымдағы шот бойынша операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында және Банктің Тарифтерінде көзделген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.
21. Ағымдағы шот бойынша қолма-қол ақшамен операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің филиалдары мен бөлімшелерінің кассаларында (бар болса) операциялық уақытта жүзеге асырылады.
22. Ағымдағы шоттарды ашу және жабу туралы Банк салық органдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етеді.
23. Клиент Банктің ИНҚ-ға сәйкес Банк сұратқан ақпарат пен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
24. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің ағымдағы шотын біржақты тәртіппен жабуға құқылы.
25. Банк Клиенттен алынған қаржылық және басқа ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты (автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және оларсыз) үшінші тұлғаларға беру Клиенттің жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Өтініште және/немесе Шартта көзделген жағдайларда мүмкін болады.
26. Егер Клиент көрсетілетін қызмет туралы қосымша кеңес алғысы келсе, Клиент Банктің www.vtb-bank.kz сайтында көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке хабарласа алады.

3-тарау. Шарт талаптары сақталмаған кезде Клиенттің ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат

27. www.vtb-bank.kz. Банк сайтындағы «Шотты ашу» батырмасын басу арқылы Клиент осы Шарттармен («Банктің веб-сайты арқылы қашықтықтан шот ашу» қызметін ұсыну бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімі) №1 қосымшаны қоса алғанда, осы Шарттармен танысқанын және толық қабылдағанын растайды және мына мекенжай бойынша банктің сайтында орналасқан: www.vtb-bank.kz Шарттың талаптарын сондай-ақ шарттардың осы тарауында сипатталған ықтимал тәуекелдерін растайды.
28. Клиент жауапкершілікке тартылады:
 - 1) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін. Егер Шарттың талаптарын бұзу жағдайлары үшінші тұлғалардың тарапынан Банкке қаржылық наразылықты ұсынуға әкеліп соқса, бұның салдарынан Банк ұшыраған барлық шығындар Банктің талабы бойынша Клиент толық көлемінде орнын толтыруы тиіс болады;
 - 2) Клиенттің кінәсі бойынша Банк ұшыраған шығыстар мен сот шығындары үшін Банкке келтірілген заланың толық көлемінде, соның ішінде Банк негізделмеген наразылық ұсынған жағдайда;
 - 3) Банкке ұсынылатын құжаттар мен мәліметтердің дәйектігі үшін, Банкке жарамсыз және/немесе жалған құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынудың, сондай-ақ оларды ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шарттың талаптарына және/немесе Банктің талаптарына,

халықаралық/үкіметаралық келісімдерге және/немесе FATCA талаптарына сәйкес талап етілетін Банкке құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбаудың және/немесе уақтылы емес ұсынудың нәтижесінде туындайтын барлық шығындар мен тәуекелдер үшін;

- 4) Ағымдағы шот операцияларды жасау бойынша және/немесе басқа Қызметтерді алу бойынша өкімдердің (нұсқаулардың) заңдылығы үшін, соның ішінде Ағымдағы шот бойынша жасалатын операциялардың оның жарғылық қызметіне сәйкестігі үшін, сондай-ақ Ағымдағы шот бойынша операцияларды ашу және жүргізу үшін негіз болған, Банкке ұсынылатын құжаттардың және/немесе мәліметтердің дәйектігі үшін Клиент жауапты болады;
- 5) уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтерді беру жөніндегі міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін¹ Шартта көзделген мөлшерде айыппұл түрінде, сондай-ақ Клиент Банк шеккен барлық шығындарды/шығыстарды соңғысының талап етуі бойынша өтеуге міндеттенеді;
- 6) Клиент – заңды тұлғаның Клиенттің деректемелерінің/деректерінің өзгергені туралы Банкке хабарлау жөніндегі міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін² Шартта белгіленген мөлшерде айыппұл түрінде, сондай-ақ Клиент Банктің шеккен барлық залалдарын/шығыстарын соңғысының талап етуі бойынша өтеуге міндеттенеді;
- 7) Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген операциялар (оның ішінде орындалған төлем құжаттары) туралы Банкті хабардар ету жөніндегі міндетті Шартта көзделген мерзімде орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта белгіленген мөлшерде өсімпұл түрінде, сондай-ақ Клиент Банктің шеккен барлық залалдарын/шығыстарын соңғысының талап етуі бойынша өтейді;
- 8) Шартқа сәйкес Банк ұсынатын Қызметтерге ақы төлеу үшін ақшаны Банктің пайдасына алып қоюдың мүмкін еместігі үшін Шартта белгіленген мөлшерде өсімпұл түрінде;
- 9) АҚШ-тағы көздерден (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жал ақы, американдық активтерді, соның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша, соның ішінде сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) кірістермен байланысты Клиенттің нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын және/немесе FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе ол корреспондент-банктің пікірі бойынша АҚШ салық салынатын тұлға болып табылатын тұлғаның шотына Клиенттің нұсқауы бойынша Банкпен жүзеге асырылатын Банк төлемінің/операциясының сомасынан 30% мөлшерінде салықты АҚШ салық қызметінің пайдасына корреспондент-банкпен

¹ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тиісті түрде рәсімделген сенімхатқа келісімді, Ағымдағы шотпен өкім етуге және/немесе Ағымдағы шот бойынша үзінді-көшірмелерді (анықтамаларды) алуға уәкілеттік берілген тұлғаларды ауыстырған не олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан (олармен шарттық және басқа қатынастарды тоқтатқан) кезде, Клиент бұндай өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынып, бұл туралы Банкті жазбаша нысанында дереу ескертуге міндеттенеді. Қарсы жағдайда, Банк ағымдағы шотпен өкім етуге, сенімхаттың негізінде Ағымдағы шот бойынша үзінді-көшірмелерді (анықтамаларды) алуға уәкілетті тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді. Банкке Ағымдағы шотқа өкім етуге/және/немесе Ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғаларда тиісті өкілеттіктердің болуын растайтын құжаттарды ұсынған сәтке дейін Банкке Клиенттің төлем құжаттарын бермеу/өкілеттіктері Банкке расталмаған тұлғалар қол қойған үзінді көшірмелер мен өзге де құжаттарды сұрамау;

² 5 (бес) күнтізбелік күні ішінде, ал Ағымдағы шот бойынша операцияларды жүргізген кезде – Клиент растау тиісті түрде куәландырылған құжаттарды ұсынып, Банкпен белгіленген нысан бойынша өтінішті ұсыну жолымен төлемді/операцияны жүргізу күні Банкті атауының, қызмет түрінің, тегінің, атының, әкесінің атының (болған кезде), БСН/ЖСН деректерінің өзгеруі туралы, растау тиісті түрде куәландырылған құжаттарды ұсынып, Банкпен белгіленген нысан бойынша тиісті жазбаша ескертуді және/немесе өтінішті ұсыну жолымен азаматтылығының, салық резидентілігінің, АҚШ тұлғасына қатыстылығын/қатысты еместігін растайтын басқа белгілерінің, тұрғылықты жерінің/тіркелген жерінің мекенжайының, телефон нөмірлерінің өзгеруі туралы, төлем құжаттарға, Банкке ұсынылған басқа деректерге қол қоюға құқығы бар тұлғаларды ауыстыру туралы жазбаша хабарландыруға міндеттенеді. Бұл ретте Ағымдағы шотты ашу және/немесе жүргізу үшін Клиент бұрын ұсынған құжаттарды Банк қайтармайды.

(контрагент-банкпен) ұстаудың нәтижесінде Банк ұшыраған шығындар/шығыстар үшін, ал аударылатын қаражаттың көзі – АҚШ байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа бағытталатын кіріс не егер бұндай төлем/операция көзінің резиденттік мәртебесін (салық резиденттілігін, АҚШ тұлғасына қатыстылығын/қатыс еместігін растайтын басқа белгілерін) хабарлаудан бас тартқан не толық емес сенімсіз мәліметтерді ұсынған Клиентпен жүзеге асырылса – соңғының талабы бойынша толық көлемде.

29. Шарт талаптарын сақтамаған кезде Клиенттің ықтимал тәуекелдері:

- 1) Банк ақпаратты (Банктің (не Банкпен бірлесіп үшінші тұлғалардың) қызметтері/өнімдері/акциялары туралы ақпараттық хабарламаларды және/немесе жарнамалық сипаттағы хабарламаларды, оның ішінде дербес деректерді алуға/жіберуге Клиенттің алдын ала алған келісімі бойынша) ашық байланыс арналары арқылы беруді жүзеге асырған жағдайда, Клиент оны (оларды) үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелімен танысқанын және оның бар екенін түсінетінін растайды және мұндай тәуекелді өзіне алады;
- 2) ол FATCA³ талаптарын сақтамаған кезде, соның ішінде Клиент Банкпен сұралған құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбаған/толық емес/сенімсіз құжаттарды/мәліметтерді ұсынған жағдайда, FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе ол корреспондент-банктің (контрагент-банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын тұлғаның шотына аударылатын АҚШ-тағы көздерінен кірістерді (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жал ақы, американдық активтерді сатудан түскен ақша, соның ішінде сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) алу, ал аударылатын қаражаттың көзі – АҚШ-қа байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа бағытталатын кіріс болып табылатын, не егер бұндай төлемді/операцияны өз резиденттік мәртебесін (салық резиденттілігіне, Клиенттің соңғы бенефициарлық меншік иелеріне, АҚШ тұлғасына⁴ қатыстылығын/қатыс еместігін растайтын басқа белгілерін) хабарлаудан бас тартқан, не толық емес/сенімсіз мәліметтерді ұсынған Клиент жүзеге асырса, сол төлемнің/операцияның сомасынан 30% мөлшерінде АҚШ салық қызметінің пайдасына корреспондент-банкпен (контрагент-банкпен) (Клиенттің қосымша келісімін алмай және ескертусіз) салық ұстаудың елеулі тәуекелінің болатындығы туралы ескертілді, түсінеді және осымен келіседі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

30. Клиент пен Банк арасындағы банктік қызметті алуға байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Клиент пен Банк келіссөздер жолымен туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келісімге келмесе, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен және талаптарында Қазақстан Республикасының соттарында реттеуге жатады.

Банктің мекенжайлары мен деректемелері келесі сілтеме бойынша орналасқан:
<https://www.vtb-bank.kz/about/offices/>

³ FATCA - АҚШ-тың шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы заңы, ол шетелдік қаржы институттарында (АҚШ қаржы институттарынан басқа) ашылған банктік шоттарға ие болатын американдық салық төлеушілермен салықтарды төлеуден жалтаруға қарсы іс-әрекетке бағытталды.

⁴ АҚШ-тың тұлғасы (АҚШ-тың белгілі тұлғасы) – Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың немесе штаттардың бірінің заңдарына сәйкес тіркелген серіктестік немесе корпорация; немесе траст, егер: 1) ол Құрама Штаттардың соттарына жататын 2) АҚШ Тұлғаларының біреуі немесе астамы бұл трастың барлық негізгі шешімдерін немесе АҚШ Салық Кодексімен көзделген корпорацияларды қоспағанда, ол Құрама Штаттың азаматы немесе резиденті болып табылған, қайтыс болған тұлғаның мүлкін бақылауға өкілеттіктері бар.

Уәкілетті органның мекенжайлары мен деректемелері: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын қадағалау және реттеу агенттігі, ҚР, 050090, Алматы қ., Көктем-3 шағын ауданы, 21 үй.

Банктің веб-сайты арқылы қашықтықтан шот ашу» қызметін ұсыну бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімі

1. Банктің веб-сайты Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда, клиент басшысының (өтініш берушінің) ағымдағы шотты қашықтықтан ашуға (және өтінімді беру арқылы қашықтықтан алуға болатын Банктің веб-сайтында санамаланған өзге банктік қызметтерді алуға) өтінім беруге мүмкіндік беретін бетке сілтемені (бұдан әрі – Портал) қамтиды.

2. Портал қауіпсіздіктің кепілдік берілген деңгейін қамтамасыз ету мақсатында мынадай қорғау құралдарын қамтиды:

- 1) байланыс арналарын интернет желісінің провайдері заңсыз Трафиктен қорғау жөніндегі қызметтерді қолдана отырып ұсынады;
- 2) Банктің желілік қауіпсіздігі, сондай-ақ желілік қолжетімділікті шектеу үшін пакеттік сүзу функциялары бар бағдарламалық-аппараттық файерволдар, сондай-ақ жабдықтың трафигі мен журналдарын аутентификациялау, сәйкестендіру және талдау құралдары қолданылады;
- 3) Интернет ғаламдық желісінде жарияланған Web-серверде құпия ақпаратты сақтаудың болмауы;
- 4) клиент пен сервер тарапынан хабарламалармен алмасу хаттамаларын салыстыру есебінен қауіпсіздік жүйесіндегі кемшіліктерді ерте анықтау, серверді ауыстыру жағдайын болдырмауға мүмкіндік беретін трафикті шифрлау алгоритмдерін пайдалану арқылы Клиент пен портал сервері арасында қауіпсіз деректермен алмасуды жүзеге асыру. Берілетін ақпараттың құпиялылығы Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» порталының IDP/SSO модулі бойынша сыртқы ақпараттық жүйелерге арналған авторизациялау сервисін пайдалана отырып, TLS (transport layer security) хаттамасы арқылы деректерді шифрлаумен қамтамасыз етіледі;
- 5) ақпараттың түпнұсқалығы Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған ЭЦҚ қолданумен қамтамасыз етіледі;
- 6) портал арқылы қашықтықтан ағымдағы шотты ашу үшін клиентте Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған ЭЦҚ болуы талап етіледі;
- 7) портал арқылы қашықтықтан ағымдағы шот ашуды алуға клиенттің сұрау салуының түпнұсқалығын тексеруді Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы электрондық үкімет сайтында шығарған, Клиент басшысының ЭЦҚ сәйкестендіру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығына жүгіну жолымен жүзеге асырады. Клиенттің порталда өтінім беруі Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған ЭЦҚ арқылы қол қоюды талап етеді.

3. Порталда жұмыс істеу кезінде қауіпсіздіктің кепілдік берілген деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өтініш беруші, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қауіпсіздіктің тиісті деңгейін дербес қамтамасыз етуі қажет:

- 1) әртүрлі лицензияланбаған, бөгде, күмәнді, сондай-ақ тексерілмеген бағдарламалық қамтылымды зиянды бағдарламалардың болуына пайдалануға жол бермеуді қамтамасыз ету;

- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған ЭЦҚ қауіпсіз сақтауды жүзеге асыру;
- 3) лицензиялық, уақтылы жаңартылатын вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етуді міндетті пайдалануды қамтамасыз ету. Вирустардың әрекеті пайдаланушының сәйкестендіру ақпаратын ұстап алуға және оны зиянкестерге беруге бағытталуы мүмкін;
- 4) өзінің компьютерінің/ноутбугінің/басқа құрылғыларының қазіргі заманғы операциялық жүйелерін, онда анықталған осалдықтарды жою мақсатында өндіруші компания ұсынған автоматты түрде уақтылы жаңартумен пайдалануды қамтамасыз ету. Операциялық жүйе мен компьютер/ноутбук/басқа құрылғылар браузерінің жаңартуларын (патчтарын) жүйелі түрде орындау, бұл қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттырады;
- 5) вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылыммен тексерілмеген ақпарат тасымалдағыштарды компьютерге/ноутбукке/басқа құрылғыларға қоспау;
- 6) адамдар, сондай-ақ басшылар жұмыстан босатылған және/немесе ауысқан барлық жағдайларда, Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған ЭЦҚ кілттерін алуға сенімхаттарға қол қою құқығымен және олардың жария етілуіне күдік туындаған жағдайда кілттерді ауыстыруды жүргізу;
- 7) порталдың жұмыс істеуінің дұрыстығына кез келген күмән туындаған кезде дереу банкке жүгіну;
- 8) Банктің порталындағы клиентке ағымдағы шотты ашуға арналған өтінімдерге, сондай-ақ банктік құпияны құрайтын ақпаратқа, оның санкцияланбаған өзгеруіне және өзге де санкцияланбаған әрекеттерге санкцияланбаған қол жеткізу анықталған кезде банк бұл туралы осындай әрекеттерге жол берілген Клиентті өтінімде көрсетілген Клиенттің байланыс деректері бойынша олар анықталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді және олардың салдарларын жою және болашақта олардың пайда болуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдау.